

ӘОЖ 398.2:821.512.122

Ж.Қ.Смағұлов, А.Ж.Абдикадирова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: zharullakizi@mail.ru)*

### **А.Сейдімбек және күй аңыздарының жанрлық табиғаты**

Мақалада А.Сейдімбектің күй аңыздарына арналған зерттеу еңбектері қарастырылған. Ол қазақ халқының әдеби шығармашылығындағы осы бағытқа баса назар аударған болатын. Қазақ фольклорындағы музыканың орны әсіресе күй аңыздары арқылы ерекше көрінеді, сондықтан да ол өзінің жұмысының үлкен бір бөлігін дәл осы тақырыпқа арнады. Күй аңыздарының тарихи кезеңдері мен тақырыптары жайлы айтылып, ғалымның ғылыми тұрғыда жанрлық ерекшеліктеріне қарай жіктелуі келтірілген және де күйшілердің өмірі мен шығармашылығы жайлы зерттеулері ескерілген.

*Кілтті сөздер:* Ақселеу Сейдімбек, күй, күйші, аңыз, музыка, фольклор, мәдениет, өнер, шежіре.

Қазақтың Аханы атанған Ахмет Байтұрсынов өз еңбегінде өнерді тірнек өнері және көрнек өнері деп екі салаға бөлген. Тірнек өнері адамға күн көруге қажетті нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер болса, көрнек өнері жылуынан сұлуы басым өнер болып табылады. Ахмет Байтұрсынов көрнек өнерінің өзін сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, сөз өнері деген бес тарауға бөледі.

Жалпы адамзат мәдениетінде, қазақ мәдениетінде де өнердің осы түрлері кеңінен құлаш жайған. Соның ішінде Ақселеу Сейдімбек қазақтың дәстүрлі рухани мәдениетінде айрықша орын алатын үш саланы атап өтеді: біріншісі — сөз өнері, екіншісі — музыка өнері, үшіншісі — қолөнері. Шынымен де қазақ халқы ұлт ретінде өзінің бүкіл рухани сұранысын үйіп-төгіп осы үш арнауға теңдеген сияқты. Академик Ахмет Жұбанов: «Музыка — жан азығы. Әдебиет — адамтану ғылымы болса, музыка — сол адамның жан жүйесін баурап алатын өнер», — деп айтып кеткен [1].

Ақселеу Сейдімбек өз туындыларында осы аталған «жылуынан сұлуы басым» өнердің бірнеше түріне тоқталып кеткен. Қазақ жеріндегі сәулетті мазарлар, кесенелер, сарайлар, алып үңгірлер мен тасқа қашалып жазылған жазу-сызулар, кескіндер мен суреттер сияқты сәулет, кескін өнерінің құнды жәдігерлері жайлы өзінің «Күңгір-күңгір күмбездер», «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау» атты еңбектерінде тоқталған. Қазақ өмірінде ерекше орында тұратын музыка өнері, Ахмет Байтұрсыновтың атауы бойынша, әуез өнері туралы Ақселеу Сейдімбеков «Күй шежіре», «Қазақтың күй өнері» еңбектерінде қарастырады, ал қазақтың сөз өнерін зерттеуге мол үлесін қосқан, қазақтың қара өлеңінің табиғатына зер салған ол кісінің «Мың бір маржан» атты еңбегі бар. Ақселеу Сейдімбековтың өнертануға үлкен үлес қосқан, қарымы мол туындылары осы музыка өнері, оның ішінде күй өнері мен күй аңыздарын зерттеуге арналған еңбектері болғандықтан, қазақ халқының рухани өміріне азық болған күй өнері жайлы сөз қозғауды жөн көрдік.

Екі жарым мың жыл бұрын әуен болып домбыраның пернесіне түскен әуенді бүгінгі күнге жеткізген қандай құдірет?! Ол — рухани күй аңыздары. Тіпті сахнада күй тарту дәстүрге айналған қазіргі уақыттың өзінде де орындалған күймен қоса оның аңызын санамызда ұстаймыз, күй аңызын әлі де дәстүрлі таным тәсілі ретінде түсінеміз. Күйдің шығуы туралы аңызын айтып, ырғағы мен сөзін қоса түсіндіріп барып тартса, қазақ күйі әлемге жайылар еді. Өйткені күй аңызы тыңдаушының көңіл-күйін белгілі бір тылсым әлемге дайындайды. Әуен — бейнесіз тарих. Ал оны көз алдына әкелетін құдірет — сөз.

Қазақта қанша мыңдаған күй болса, сол күйлердің шығу себебін баяндайтын соншама аңыз-әңгімесі бар болса, бұл — қазақ халқының мәдени-рухани әлеміндегі ерекше бітімдегі төлтума құбылыстарының бірі. Қазақ фольклорындағы күй аызы сынды арналы бір саланың тарихи деректілігін, құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін және күймен арақатынасын қарастыру — Акселеу Сейдімбек еңбегінің негізгі мақсаты. Зерттеу жұмысын бұлайша жүргізудің өзіндік мәнді себептері бар. Тіптен, күй аңыздарының ел ішінде мейлінше молдығына қарамастан, бұған дейін жүйелі түрде жиналмағанын, өзінің айтылу үлгісінде айтарлықтай хатқа түспегенін атап өтуге болады.

Осы уақытқа дейін қазақ музыкасының, дәлірек айтқанда, қазақтың музыкалық фольклорының бір ғана қырына баса назар аударып келгені аңғарылады. Ол — ән-күйлердің таза музыкалық туынды ретіндегі қасиеттері. Яғни, ән-күйлердің әуендік, сарындық ерекшеліктеріне ғана мән беріліп келді. Ең талдап сөз еттік дегенде сол ән-күйлердің музыкалық туынды ретіндегі жанрлық сипаты, ішкі құрылым-бітімі, орындалу ерекшеліктері тілге тиек болып отырды. Алайда қазақтың аса бай музыкалық фольклорының екінші қыры сөзбен байланысты филологиялық қыры назардан тыс қалып келді. Ән-күймен біте қайнасып жатқан өлең, жыр, толғау, аңыз-әңгіме сияқты көптеген жанрлар музыка зерттеушілері үшін филологиялық объект болып есептелсе, филологтар үшін музыкалық мұраның объектісі ретінде ескерусіз қалып отырды.

Нәтижесінде, қыруар мұраның назардан тыс қалып, жиналмай келуі өз алдына, оған қоса музыкалық фольклордың синкретті болмысындағы тарихи-эстетикалық қадір-қасиеті де толық ашылмай келді. Әрине, мұндай жағдайда музыкалық фольклордың және онымен шендесіп жатқан күй аңыздарының да төл ерекшеліктері туралы ойдың өрбуі мүмкін емес. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ халқының тарихи-рухани шежіресінің құнарлы бір арнасы болып табылатын көл-көсір күй аңыздарын жинап бастырудың, саралап-зерттеудің мән-маңызы ерекше зор. Мұхтар Әуезовтың осы орайда күй аызының көп екендігін ел көп білетіндігін, бірақ оны жинастырып жарыққа шығаруды баспалардың қолға алмай отырғандығын қынжыла әңгімелегенін еске түсіреміз. Кезінде академик Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Күй аңыздарының көп екенін ел біледі, бірақ кітап, баспа білмейді. Егер олқылықтар толып, күйлердің көрікті аңыздары, тілдегі баяндауыш әңгімелері жазылса, онда қазақ халқының музыка фольклорына әдемі айшық, нақыш қосылуымен, мағыналы мазмұн анықталып жалғасуымен қатар, ауызша фольклор да өзінің бір қысқа түрдегі көркем әңгіме, новеллаларын көп байытқан болар еді.

Ұмытылып, жоғалып бара жатқан көп-көп ескі күйлердің қызық, терең сырлы, мол мағыналы аңыздары да мәдениет мұрасы болып, жөнін тауып жол ашар еді» [2; 60]. Мұхтар Әуезов көтерген, жүзеге асуын арман еткен бұл проблема өзінің мән-маңызын әлі күнге жойған жоқ. Мұқанның мезгеуін мезгілінде байқап, басшылыққа алған Акселеу Сейдімбек болды. «Күй шежіренің» жазылуына Мұхтар Әуезовтің сол пікірлері де себеп болды десек те болады.

«Біз әдетте, ән-күйлерімізді музыкалық туынды ретінде қарастырып, осы қырын ғана әңгімелеп келдік. Ал «Күй шежіре» төлтума мәдениетіміздің дара сипатын айғақтайтын мәнді мәселе көтеріп отыр. Жазушы ән-күйлерімізді қазақтың тарихи-әлеуметтік өмірімен сабақтастыра саралауға ден қойған. Бұл болса музыка мамандарының назарына ілінбей келген зерттеудің жаңа қыры, Акселеу Сейдімбек осылайша күй аңыздарын әңгімелей отырып, күй өнерінің көркемдік-эстетикалық мән-маңызын түсіндірудің кілтін тапқан. Нағыз ұлттық музыка халықтың тарихи тағдырымен тамырлас екендігін дәлелдеп шығуы «Күй шежіренің» құнды ғылыми еңбек ретінде бағасын асырып тұр. Сонау есте жоқ ескі замандардан бүгінге сол әуелгі әуенімен, таза қалпында жеткен музыкалық мұраларымыздың шындықты көркем бейнелеудің шырқау биігіне көтерілген асыл қазына екені ақиқат. Ал сонау VIII ғасырда ғұмыр кешкен Қорқыттан бастап мыңдаған күйлердің саф алтындай сақталып, хан-қараға бірдей түсінікті болуы кім-кімді де қайран қалдырары хақ. Міне, Акселеу Сейдімбектің «Күй шежіресінде» қазақ күйлерінің осындай керемет қырларын аша білген, әрі жеріне жеткізіп айта білген. Жазушы күй аңыздарын әңгімеге арқау ете отырып, олардың көне замандарға, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға айғақ болар құнды дерек көзі екендігін де дәлелдеп шыққан» [3; 3].

Сонымен, күй аңыздары көркем туындыға арқау болған. Осы тұрғыдан алғанда Акселеудің күйді зерттеген еңбектері — көркем әдебиеттің тумысы бөлек туындысы дерлік дүние. Күй аңыздарын жинауда ғалымның жазушылық дарыны бар қырынан көрінген. Қара сөздің қаймағын ағызып, айызынды қандырған, ақиқаттығына нандырған небір тарихи оқиғалардың куәсі боламыз. Қазақи әңгімелердің нағыз нақышты, құлақ құрышын қандыратын шешендігі мен оқиғаның қызықтығы қосылып, шебер шендесіп, әдемі үндесіп отырады.

«Күй аңызы» — Ақселеу еңбегінің негізгі нысанасы. Өйткені бұл музыкадан гөрі фольклорға, әдебиетке жақын, күйдің тууына себеп болған жағдайларды, оның туу процесін таныта алатын аңыз-әңгімелер. Осы күнге дейін музыкалық фольклордың өзін ғана сөз етіп, оның филологиялық сыңарын сөз етпей келген болсақ, Ақселеу соның орнын толтыра зерттейді. Әнмен, күймен біте қайнасып жатқан өлең, жыр, толғау, аңыз, әңгіме сияқты көптеген жанрларды еске алады. Бұларсыз музыкалық фольклордың және онымен шендесіп жатқан күй аңыздарының ерекшеліктері туралы ой өрбуі мүмкін емес» [4].

Осы уақытқа дейінгі ғылыми-зерттеу еңбектерде қазақ фольклорының жиналуына, жүйеленуіне, жанрлық ерекшеліктерін саралауға, категориялық ұғымдар жүйесіне, поэтикасына айтарлықтай мән беріліп келгені әлі де арналы зерттеулердің объектісі болып отырғаны ақиқат. Әсіресе, жеке жанрлардың тегі мен түріне қатысты төл ерекшеліктерін анықтау, олардың даралық қасиетін жан-жақты көрсету мәселелері — қазақтың фольклортану ғылымында бел алып келе жатқан үрдіс. Жалпы қазақ фольклорына, оның ішінде әлі де болса тегі тектелмеген қасиет-қалыбы сараланбаған жеке жанрларға назар аударып, арнайы зерттеу объектісі етіп отырудың мән-маңызы айрықша зор. Осы орайда қазақ фольклорында арнайы зерттелмеген жанрлардың бірі ретінде күй аңыздарын атауға болады.

Ақселеу Сейдімбектің музыканың ішінде фольклорлық жанр болып табылатын күй аңыздарын таңдауының өзіндік себептері бар.

Біріншіден, күй аңыздарын осы уақытқа дейін ғалым-зерттеушілердің жалпы фольклорлық мұра аясында жол-жөнекей назар аударып отырғаны болмаса, арнайы зерттелген емес. Тіптен күй аңыздарының ел ішінде мейлінше молдығына қарамастан, бұған дейін жүйелі түрде жиналмағанын, айтарлықтай хатқа түспегенін атап өтуге болады.

Екіншіден, күй аңыздары қазақ фольклорына тән барша төлтума қасиеттерді (жанрлық, поэтикалық, көркемдік-эстетикалық т.б.) айғақтай алады.

Үшіншіден, қазақ фольклорындағы басқа жанрларға қарағанда, күй аңыздарының назар аудартатын ерекшелігі — ол қоғам өміріндегі салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыптар мен кісілікті қалыптартармен, күнделікті тұрмыс-тіршіліктермен, қысқасы, халықтың барша тарихи-әлеуметтік өмірімен біте қайнасып жатыр.

Осы тұрғыдан келгенде, күй аңыздары қазақ фольклорының төлтума табиғаты мен қызметін парықтауда айрықша танымдық мәнге ие. Міне, осы бағытта жалпы қазақ фольклорына, оның ішінде күй аңыздарына ұлттың рухани мәдениетінің мәнді айғағы ретінде зерттеу барысында бірінші кезекте мән берілген. Бұл ретте ұлттық төлтумалықты орнықтыруға, этностың тарихи жадын сақтауға, ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастыққа, салт-дәстүрдің тұрақтылығына, қоғамдық өмірге, әсіресе халықтық өнердің дамуына жалпы фольклорлық мұраның, оның ішінде күй аңыздарының да тікелей ықпал ететінін ашып көрсетуді осы мақаланың өзекті мақсаты деуге болады.

Бұл еңбекте күй аңыздарының жанрлық ерекшеліктері жан-жақты ашылып көрсетілген, сонымен қатар күй аңыздары жалпы этникалық мәдениеттің тек-тамырымен біртұтас рухани құбылыс ретінде қарастырылады. Автор күй аңыздарының пайда болу, қалыптасу және күні бүгінге дейін туындау үрдісін тарихи-әлеуметтік және мәдени-рухани аспектіде саралаған. Фольклор жанрларының қай-қайсы да дара күйінде дүниеге келмейді. Жанрлардың бір бірімен астасып, біріне бірі ұласып жатуы — табиғи қасиеті. Бұл ретте күй аңыздары да өзінің көп құрамдылығымен дараланады. Халық мұрасын зерттеушілердің халық прозасын «ертегілік проза» және «ертегіге жатпайтын проза» деп жіктейтінін білеміз. Ақселеу Сейдімбек соның ішінде күй аңыздарын «ертегіге жатпайтын проза» деп атайды. Қазақтың фольклорлық мұрасын жинақтап зерттеген С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ісмайылов, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаевтар іргелі зерттеулер жүргізгендерімен, ертегіге жатпайтын прозаның жанрларын талдап, арнайы зерттемеген. Ал, аңыз жанрын «тарихи адамдар жайындағы аңыздар» және «күй аңыздары» деп тұңғыш рет күй аңыздарына жеке мән берген Мұхтар Әуезов болды [2; 60]. Сонымен бірге Сейіт Қасқабасов күй аңыздарына, шежірелік аңыздарға және топонимдік аңыздарға қатысты тұңғыш рет жан-жақты талдау жасаған. Десек те, бұл ғалым-зерттеушілердің халық прозасы туралы айтқан, миф, аңыз, эпсана, хикая, жағдаят жайында айтқан ойлары ғалымның күй аңыздарын талдап, саралауына үлкен септігін тигізген.

Ақселеу Сейдімбек зерттеу еңбегінде күй аңыздарын өмірдеректермен ұштастыра отырып, тарихи кезеңдердің аясында қарастырған. Күй аңыздарының оқиғаларын және күйші-композиторлардың ғұмыр кешкен замандарын қарастыра келе, тарихи кезеңдерге бөлген. Бұл орайда

автор Әлкей Марғұланның қазақ эпостарын тарихи кезеңдер бойынша саралаған үлгісін басшылыққа алған. Академик Әлкей Марғұлан қазақ эпостарының бес кезеңге бөлген. Қазақ эпостарын тектегенде саралаған тарихи кезеңдер күй аңыздары үшін де ұрымтал кілт бола алатынына күмән жоқ. Ол кезеңдер:

1. Ең байырғы заман.
2. Оғыз-қыпшақ заманы.
3. Тарихи дәуірлер (XIII–XIV), яғни қазақ даласына Жошы ұлысының ірге тебуі.
4. Жоңғар арасындағы екі ғасырға созылған күрес кезеңі.
5. Феодалдық қайшылықтарға қарсы күрес кезеңі.

Бірінші кезеңнің күй аңыздары жаңаша жыл санауға дейінгі VIII–V ғасырлар мен жаңа заманның VI ғасырдағы аралықты қамтиды. Бұған Еуразияның Ұлы даласындағы көшпелілер арасына ислам діні тарағанға дейінгі қиял-ғажайып тақырыптарға арналған күйлер, жорық сарындары, жаугершілік кезеңдерде ел есінде қалған айтулы батырлар, ақылды арулар, ерге серік болған қанатты пырақтар, киелі жануарлар туралы күйлер мен олардың аңыздары жатады. Бұл кезеңнің күйлеріне А.Сейдімбек «Қос мүйізді Ескендір», «Көк төбет», «Көк бөрі», «Аққу», «Сарын», «Өгіз өлген», «Тарғыл бұқа» сияқты күйлер мен күй аңыздарын жатқызған.

Екінші, оғыз-қыпшақ кезеңінің (VI–XII ғғ.) күй аңыздары. Бұған «Қорқыт ата аңыздары», «Абыз толғауы», «Саймақтың сары өзені», «Балжынгер» сияқты күйлердің аңыздары жатады. Осы заманды Қорқыт заманы деседі. Қорқыт — бақсылық дәстүрді ұстай отырып, қазақ музыкасының негізін қалыптастырған адам.

Ал үшінші — ноғайлы кезеңінің (XIII–XVI ғғ.) күйлері. Ғасырлар талқысында тарихи тағдырын ортақтастырған ру-тайпалардың саяси одақ құрып, бір бірімен біте қайнасып «қазақ» деген этникалық атаумен тарих сахнасына шыға бастаған кезеңі осы тұс. «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар көсе» сияқты циклданған ертегі-аңыздар, «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Едіге», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Шорай», «Ер Жабай», «Орақ-Мамай» сияқты эпикалық жырлар, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Жиренше шешен сияқты жыраулар, тапқыр шешендер бәрі-бәрі сол ноғайлы заманына қатысты.

Ноғайлы кезеңінде туған музыкалық және фольклорлық мұралардың санатына «Жошы ханның жортуы», «Шора батыр», «Әмір ақсақ», «Қамбар күйі» сияқты халық күйлерімен бірге, Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Асанқайғының «Ел айырылған», Қазтуғанның «Сағыныш» күйлерін және олардың аңыздарын жатқызуға болады.

Төртінші, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі (XVII–XVIII ғғ.) күйлер мен күй аңыздары. Осы бірнеше ғасырға созылған аласапыран халықтың сан-сала рухани мұрасында шыншылдықпен, тарихи деректілікпен орын алды. Аңыз-әңгіме, жыр-дастан, толғау-термелерден бастап, ән-күйге дейін халықтың азатшыл рухы аста-төк көрініс тауып отырды. Осы кезең Бұқар, Тәттіқара, Қанай, Толыбай, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты шешен-билерді, жыршы-жырауларды дүниеге әкеліп, олар қара халықтың күйзелісі мен қаһарман ерлігін өлмес өнер тілінде бейнелеп отырды. Мұның айғағы ретінде «Қаратаудың шертпесі», «Қалмақ биі», «Беласар», «Қалмақтың қара жорғасы», «Кенес», «Абылайдың қара жорғасы», «Қоржынқакпай» сияқты күйлер мен олардың аңыз-әңгемелерін атауға болады.

Бұл кезеңнің күй аңыздары ширыққан оқиғасымен, тосын шешімдерімен назар аударады. Күй аңыздарының белгілі бір тарихи оқиғамен сабақтастығы, нақтылы тұлғалар өміріне арнаулы деректілігімен иландырып отырады.

Бесінші — XVIII–XIX ғасырларда және XX ғасыр басында туған күйлер мен олардың аңыздары. Автор бұл кезеңнің рухани мұраларына саяси-элеуметтік сарынның мейлінше айқын көрінісі тауып отыратынын алдымен айтып өтеді. Бұл кезеңде туған күйлер де, күй аңыздары да ерекше молдылығымен, тақырыбының әр алуандығымен, оқиғасының деректілігімен назар аудартады. Әсіресе күйлердің әуен-сазының мейлінше шыңдалған деңгейін айрықша атап өткен жөн. Автор бұл кезеңдегі Боғда, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Тоқа, Ықылас, Қазанғап, Сейтек сияқты ондаған дәулескер күйшілердің қазақ музыкасының ұлттық деңгейін көтергендігін айрықша атап өтеді.

Сонымен қатар автор күй аңыздарын құрылымдық-тақырыптық қасиеттері бойынша былай жүйелейді:

- 1) Тарихи оқиғаларға арналған күй аңыздары.
- 2) Күйші-композиторлар өміріне қатысты күй аңыздары.

- 3) Тұрмыс-салтқа байланысты туған күй аңыздары.
- 4) Арнау күйлерінің аңыз-әңгімелері.
- 5) Қоршаған орта, табиғат туралы күй аңыздары.
- 6) Жан-жануарлар туралы күй аңыздары.

Қазақ арасындағы мыңдаған күй аңыздарының қомақты бөлігі тарихи оқиғаларға арналған. Көбінесе ел басынан өткен тарихтың бір ғана түйінді сәтін немесе тарихи тұлғалардың басынан кешкен бір ғана оқиғаны арқау етіп отырады. Тарихи оқиғаға арналған күйлер неғұрлым байырғы болса, оның мифтік, эпсаналық, аңыздық сипаты басым түсіп жатады. Ал күйші-композиторлардың өміріне қатысты күй аңыздары сол күйшінің өмірбаянын тереңрек білуге, жан-жақты танып түсінуге себепші болып отырады. Қорқыттың «Қорқыт», Махамбеттің «Қиыл қырғыны», Құманғазының «Кісен ашқан» сияқты күйлері осыған мысал бола алады. Сонымен қоса түрлі салт-дәстүрі, жол-жоралғысы, ырымы бар көшпелі өмірге күй өнері де белсене араласып отырды, осылайша тұрмыс-салтқа байланысты күйлер мен күй аңыздары дүниеге келді. Ал арнау күйлердің аңыздары, өзі аты айтып тұрғандай, күйші өзі қадір артқан адамына күй арнайды, соған байланысты аңыз да шығады. Табиғат туралы, оның небір көрікті орындары жайлы күй аңыздары қаншама. Мысалы, Тәттімбеттің «Саржайлау», Боғданың «Бозтөбе» сияқты күйлері. Күй аңыздарының ең бір қызықты да қомақты саласы жан-жануарлар дүниесіне арналған. Мұнда көктегі құс, жердегі аң, судағы балық, сондай-ақ төрт түлік мал туралы күй аңыздарының небір қызықты үлгілері кездеседі. Бұл түрге «Ақсақ құлан», «Аққу», «Боз інген» сияқты күйлердің аңыздарын жатқызамыз.

Акселеу Сейдімбек күй аңыздарын жанрлық сипатына қарай топтастыра келе, мифтік күй аңыздары, эпсаналық күй аңыздары, аңыздық күй аңыздары, жағдаяттық күй аңыздары деп бөледі. Мифтік күй аңыздарында ондағы болған қиял-ғажайып оқиғаны ғибрат етеді. Күй аңыздарының мазмұндық, оқиғалық, себептік бітімдеріне қарап, мифтік сипатын бірден тануға болады. Мысалы, «Таукүдірет» күйіндегі таукүдірет құсының алғаш жаралғанда сыңар қанат болуы, сонан соң оның зарына Тәңірдің құлақ асуы, одан кейін аталық және аналық таукүдіреттердің қолдасып ұша бастауы, кейін олардан тараған ұрпақтың қос қанатты болуы, ең алдымен, осы құстың қалай құс болып жаратылғанын түсіндіруге арналғанын аңғартады. Яғни, мифтік белгілері айқын. Осы мифтік аңыздың айтпақ ойы — құстың сыңар қанат болып ұша алмайтындығы сияқты домбыраның да сыңар ішек болып тартылмайтындығы. Сонымен қоса, «Шұбар киік» атты күй аңызы да осы мифтік күй аңыздарына мысал бола алады. Сұрмерген мен киіктің адамша сөйлесуі, бұрын атқанын құтқармайтын мергеннің киелі шұбар киікті атқаннан кейін жолының болмауы, Сұрмерген атқаннан кейін шұбар киік көп аңның бірі сияқты өліп қалмай, киелі болғандықтан да шұбар тасқа айналуы — бұл аңыздың мифтік сипатының басым екендігін аңғартады. Осындай күй аңыздары арқылы адам санасына ой салып, тәрбиелеуге тырысады.

Ал эпсаналық күй аңыздары болған бір оқиғаны көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат береді. Бұл күй аңыздары тарихи-мекендік, кітаби-діни, әлеуметтік-утопиялық, жан-жануарлық сияқты түрлерге жіктеледі. Соның ішінде тарихи-мекендік түріне Қорқытқа байланысты күй аңыздарын жатқызуымызға болады: Қорқыттың қалай өлімді пендеге айналуы («Тарғыл тана»), өлімді пендеге айналғанын білген соң ел-жұртының қамын ойлап мұңға батуы («Елім-ай, халқым-ай»), одан әрі өлімнен құтылудың жолын іздеп шарқ ұруы («Қорқыт», «Желмая»). Дәл осындай эпсаналық белгілерді Ескендір туралы айтылатын күй аңыздарынан да («Қос мүйізді Ескендір») аңғаруға болады. Ал кітаби-діни сарындағы эпсаналық күй аңыздарға бағана айтып өткен «Шұбар киік» аңызының екінші бір нұсқасын жатқызуымызға болады. Себебі бұл аңызда Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың кездесуі діни-насихаттық идеяның жатқандығын сездіреді. Ал әлеуметтік-утопиялық сарындағы аңыз-әңгімелердің ең негізгісі Асанқайғы туралы және оның күйлерінің шығу себептері жайында болып келеді. Бұл күй аңыздарының өн бойында ел-жұрттың жақсы тұрмысқа, бақытты өмірге жетуі әлеуметтік арман ретінде бейнеленіп отырады. Көшпелі қазақ үшін төрт түлік малдың орны ерекше, сондықтан да эпсаналық күй аңыздарының біраз бөлігі осы жан-жануарлар жайында болып келеді. Мысалы, қонжығы суға кетіп, жар жағалай жүгірген қоңыр аю («Жорға аю»), ет пісірім уақытта Марқакөлді айналып шығатын қанатты пырақ — Балжыңгер («Балжыңгер»), топшысына оқ тиіп, жылы жаққа ұша алмай қалған ақсақ қазды келер жылы сынарының іздеп келуі («Ақсақ қаз», «Сау қаз»).

Күй аңыздарының көп бөлігі аңыздық күй аңыздары болып келеді. Аңыздық күй аңыздары тарихи және мекендік деп жіктеліп қарастырылған. Тарихта болған оқиғалар аңыздық күй аңыздарын қалыптастырады, олардың кейбіреулері көпнұсқалы болып келеді. «Мәселен, Бейсенбі

Дөненбайұлының «Бодау кеңес» атты күйі — нағыз аңыздық күй аңызының әдемі үлгісі. Мұнда ру аттары, адам есімдері, жер атаулары ғана нақтылығымен назар аудартып қоймайды, оқиғаның тарихи деректілігі де аңыз жанрының негізгі ерекшелігімен үндес. Сонымен бірге бұл аңыз-әңгіменің ауыздан ауызға көшу барысында ысылып, ширағаны, шешендік сөздердің тұрақты қалыпқа түскені, сондай-ақ гибраттық, мағлұматтық қасиетінің қанықтығы да назар аудартады. Ең бастысы, бұл аңыз-әңгіме «Бодау кеңес» күйінің дүниеге келу себебі ретінде айтылғанда аңыздық күй аңызының келісті үлгісі ретінде ден қойдырады» [5; 178].

Акселеу Сейдімбек сонымен қоса күй аңыздарының ішінде жағдаяттық күй аңыздары деген жанрды бөліп қарастырған. Ол «әңгіме», «жай әңгіме», «ауызша әңгіме» деп әр түрлі айтылып келген қарапайым тұрмыстық аңыз әңгімелерді бір сөзбен «жағдаят» деп атауды ұсынып, оны еңбегінде терминдік деңгейде ұтымды пайдаланған. Күй аңыздарының ішінде жағдаяттық аңыз-әңгімелер мол кездеседі. Жағдаяттық күй аңыздары әмбебап сананың үлгісі ретінде көрініс табатын мифке де ұқсамайды, белгілі бір оқиғаға ойдан шығарылған қиялды теліп айтатын эпсанаға да келмейді немесе тарихи кесек оқиғаларды тұғыр ететін аңыздан да бөлек. Жағдаяттық аңыз-әңгімелер қарапайым өмірлік оқиғаларға құрылып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен байланысты болады. Олар естелік, хабар, дерек түрінде болуы мүмкін. Әңгіме көбінесе бірінші жақпен айтылады, әңгімені айтушы көбінесе өз басынан өткен, жолдас-жоралары мен таныстарының бастарынан өткен оқиғаларды сөз етеді. Бұл күйлерге мысал ретінде Акселеу Сейдімбек «Қыз қашқан», «Қағытпа», «Жорға аю» сынды халық күйлерін жатқызады.

Акселеу Сейдімбектің зерттеу еңбегінің басым бөлігінде күй аңыздары мен күйшілер шығармашылығы қамтылған. Кітаптағы әр күйшінің шығармашылығын немесе әр күйдің туу тарихы, яғни, аңызын талдау міндет емес, ең бастысы — бұл кітаптың қазақ руханиятында, мәдениетінде алар орнын саралау. Бірақ ол бөлімдерге да соқпай кетуге болмайды.

«Байырғы күйшілер» (Бесінші тарау) санатында, біз Қорқытты, Кетбұғаны, Асанқайғыны, Қазтуғанды, Байжігітті білеміз. Ал Абылай, кәдімгі Абылай хан домбырашы болыпты, күйші болыпты дегенді көпшілігіміз жете біле бермейміз. Бұл тың да қызықты дерек. Кітапта Уәлиұлы Абылай ханның «Ақ толқын», «Алабайрак», «Бұдан жігіт», «Дүние қалды», «Дүние сарсаң», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға» (екі түрі бар), «Қоржынқақпай», «Майда жал», «Майдақоңыр» (екі түрі бар), «Садаққақпай», «Сары бура», «Шанды жорық» т.б., соның ішінде «Сары бура», «Жетім торы», «Дүние қалды» күйлерінің аңыздары берілген.

Оның жорықтары, батырларының ерлік істері эпикалық жыр-шежіреге айналған сыбызғыда, қобызда тартылатын күйлердің басым көпшілігі оның заманы мен өмірінің қилы кезеңдеріне арналған. «Шанды жорық» деген күй шапқыншылық кезде ер жүрек Баян батырдың қаза табуына орай шығыпты. Қазақтар Еділ бойындағы қалмақтарға қыстың көзі қырауды жорыққа аттанып, қашан олжа түсіргенше жеті күн бойы ашығады. Осы оқиғаға байланысты «Қоржынқақпай» күйі туған. Ал «Сары бура» күйінің туу тарихы жайлы мынандай аңыз бар: «Қазақтың дәстүрлі наным-сенімінде алапаты артық туған адамның желеп-жебеп жүретін киесі болады деген ұғым бар. Ер басына күн туған алмағайып кездерде желеп-жебейтін киесі көмекке келіп, дұшпанның мысын басу үшін көзге көрінеді екен дейді. Мәселен, қиын-қыстау сәттерде Қаз дауысты Қазыбек биді аузынан от шашқан аю желеп-жебейтін болыпты, Тарақты Байғозы батырдың иесі ақиық бүркіт болса керек, Жарылқап батыр қызыл алтай түлкісіне сенеді екен. Әйгілі Кемпірбай акын өз бойындағы бұл дарынның иесін көк үйрек дейді.

Міне, осы сияқты қиын-қыстау кезеңде желеп-жебейтін, жол жүретін, белгі беретін кие Абылай ханда да болыпты. Ол шудасы жер сызған сары бура еді дейді. Ат үстінде өмірі өткен Абылай хан қиын сапарға, қанды жорыққа аттанарда жолы болатын болса, ойға алғаны сәтімен орындар болса, жаңағы сары бура жолына маңдайын беріп жатады екен» [5; 338]. Шынымен де, Абылай ханның күйшілігі жайлы келтірілген мәліметтер мен тың деректер оқырман қауым мен тыңдармандарды қызықтырады анық.

Ал «Жаңа заман күйшілері» атты алтыншы тарауда Қараұлы Боғдадан бастап Махамбет, Дәулеткерей, Тәттімбет, Абыл, Құрманғазы, Тоқа, Ықылас, Қазанғап, Дайрабай, Дина, Сейтек, Сүгір сияқты, бертінде өмір сүрген Нұрғиса Тілендиев, Қаршыға Ахмедияров сияқты қазақ халқының атақты дәулескер күйшілерінің шығармашылығы мен бірнеше күйлерінің туу тарихы, күйлердің ноталары берілген.

Ең соңғы «Қосымша» атты жетінші тараудың өзінде XIII ғасырдан — Сары Салтық, Қодан, Саймақ, Жантөре, Арынғазы, Ұзақ, Байжұма, Қарабастардан бастап, Түркеш, Құлыншақ, Кенен,

Оқап, Сейілхан, Әбдімомын, Уәли, Жүсіптен тартып, Секен, Нұрсаттармен бүгінге тірейді. Дәл осы тараудың өзінде бірегей 103 күйшінің өмірдегі келтіріледі.

Кейбір күйшілердің шығармашылығы мен күйлерінің аңыздарын жазу барысында А.Жұбанов, Т.Мерғалиев сынды ғалым-зерттеушілердің пікірлері кездесіп отырады. Осындай қыруар еңбек жасау Ақселеу Сейдімбектің ерекше дарынын, мол білімін, ғылыми өресінің биіктігі мен жазушылық шеберлігін танытады. Кітапты оқып отырып осындай ойға қаласың.

Ең соңында айтарымыз, үш мың жылдық тарихы бар көшпелілер өркениетінің ұзын-сонар ғұмыржолына, әсемдік әлеміне қиял жүгіртіп, ой толғап, күй және күйшілер өмірін арқау етіп, әрі ғылыми, әрі әдеби шығарма жазған жазушы еңбегі — елдігімізді танытуға, мәдениетімізді марқайтуға қосылған тамаша туынды. Мың жыл аралығында дүниеге келген бес мыңға тарта күйдің аңызына арқа сүйеп, көшпелілер мәдениетінің көшелі тарихын жазу, сөйтіп, халық болмысының жанды шежіресін жарыққа шығару көзсіз ерлік екендігін мойындауға және бағалауға тиіспіз. Осындай ұлттың рухани қазынасын байытқан шырайлы шығарма қандай мақтауға да лайық. Бұл, сайып келгенде, Ақселеу Сейдімбектің төлтума өнеріміздің өресі биік өзге елдермен терезесі тең екендігін айғақтауға қажет бірден-бір құнды шығармасы. «Қазақтың күй өнері» — қазақ баласына, қазақ еліне осы қасиет-қадірімен қымбат кітап.

«Ақселеу Сейдімбек «Қазақтың күй өнері», «Күй шежіре» арқылы қазақтың ұлттық мәдениетінің көне тарихын қазіргі кемел кезеңімен жалғастырған мазмұны терең, мағынасы мәнді өнер туралы өзінің қайталанбас абыз сөзін айтты. Сөйтіп, ол қазақ мәдениетінің тағдырындағы ұлы өзгерістермен біте қайнасқан болмысын жеріне жеткізе жазып, оны өткен замандардың, өнерпаз адамдардың өмір тарихымен шендестіре сыр шертті», — деді Құрманғалиев [3; 3]. Қазақ өнерінің мыңжылдық тарихын жүйелеп, халқына танытқан ғалымның еңбегінің маңызы айрықша. Жалпы күй аңыздарын жинаудан, жариялаудан бастап, зерттеуге дейін автордың сіңірген еңбегін қазақ фольклортануының теориялық және қолданбалы ізденіс саласын дамытудағы елеулі жетістіктерінің бірі ретінде атап айтқан орынды.

«Күй шежіреде», «Қазақтың күй өнері» атты еңбектерінде күй аңыздарының шығу тегі, күй мен тілдің табиғи бірлігі, күй мен күйші тағдыры, күйдің жанрлары және күй аспаптары да жан-жақты әңгімеге арқау болған. Айтылған пікір, ортаға салынған ой — бәрі-бәрі жалаң сөз емес, көңілге қонатын ауқымды тұжырымдар жасау арқылы жазылған. Нағыз өнер мен сол киелі өнерді тудырған халықтың кіндігі бір, өмірі өзектес, яғни біртұтас екендігін, бұл туынды тарихи тұрғыдан да, ғылыми жағынан да толық дәлелдеп берген.

Ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Күй шежіре» және «Қазақтың күй өнері» атты қос кітабы — күйдің тамырын да, тарихын да, танымын да анықтап беретін түбірлі зерттеу. Бұл қос кітап — зерттеушінің өмірлік ізденісінің, өнердегі мұратты және мақсатты таным жолының жемісі. Бұл — қазақтың рухани мәдениетінің тарихы туралы оқулық. Қазіргі «Мәдениеттану» пәнінен өткізілетін дәрістерге таптырмайтын пән құралы және тұжырымды ғылыми зерттеу. Қазақ күйлерінің тарихы, шығу тегі, ішкі құрылымы, заңдылықтары, тақырыптық тарамдары, ерекшеліктері туралы мұндай жүйелі зерттеу осы уақытқа дейін жарық көрген жоқ. Оның үстіне күйдің шығу тарихы туралы аңыздар осы уақытқа дейін арнайы зерттеудің арқауына айналған жоқ. Әңгіме күй әуені қақында ғана емес, сол күйдің ішкі мазмұны мен түйсіктік психологиясын ашатын, сол күй әлемінің ішіне жетелеп кіргізетін тарихи негіз туралы. Ал бұл негіздерге ұлттық таным, тарих, мінез, діл мәйек болады.

Сондай-ақ қазақ фольклорындағы басқа жанрларға қарағанда күй аңыздарының назар аудартатын ерекшелігі — ол қоғам өміріндегі салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен, кісілікті қалыптармен (нормалармен), күнделікті тұрмыс-тіршілікпен, қысқасы, халықтың барша тарихи-әлеуметтік өмірімен мейлінше етенелікте біте қайнасып жатыр.

«Осынау ғылыми жаңалықтар мен ізденістердің қай-қайсы да толымды теориялық және методологиялық деңгейде көрініс тапқан. Монографияның ғылыми жаңалықтары фольклортанудың, мәдениеттанудың, тарихтанудың ең іргелі жетістіктерін басшылыққа ала отырып, орнықты дәлелдермен түйінделген. Ақселеу Сейдімбек әрбір ғылыми пайымдауларын қисынды дәлелдермен дәйектеп, әрбір ой түйіндерін нақтылы айғақ-деректермен көмкеріп отырады. Мұның өзі, бұл еңбегінің ғылыми салмағын арттырып, жаңа ой тұжырымдарға күмәнсіз иландырып отыруға себепші болған.

Ал, ғылыми жаңалығының деңгей дәрежесі болса, мұның өзі ең алдымен бұрын-соңды қазақ фольклортануында арнайы зерттеу объектісі болмаған тақырыптың биік ғылыми-теориялық деңгейде

орындалуынан айқын байқалады. Алынған нәтижелерді халықтың дәстүрлі мәдениетін парықтаудағы, әсіресе фольклортанудағы елеулі жетістіктердің бірі деп бағалауға әбден болады» [6].

Ғалымның шығармашылық мұрасын, оның қазақ музыкасын, күй аңыздарын, қазақтың фольклорын зерттеген мұрасын түйіндей келе, Ақселеу Сейдімбек — өзінің шығармашылық тұлғасы, жазушылық шеберлігі, болмыс-бітімі, тағдыр-талайымен оқшау көрінетін күрделі тұлға деген ой қорытамыз. Сан қырлы талант иесінің қазақ өнері туралы толымды еңбектері жайлы жазылар ауқымды зерттеудің бас-аяғы бірер еңбектермен шектелмесі де дау тудырмасы анық. Оның әдеби мұрасы мен шығармашылығы қашан да ұрпақ игілігі болып қала бермек.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұбанов А. Музыка — жан азығы // Қазақ әдебиеті. — 1986. — 2 мамыр. — 6-б.
- 2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. — Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. — 428 б.
- 3 Құрманғалиев Қ. Күй аңызы — сөз маңызы // Халық кеңесі. — 1994. — 2 желт.
- 4 Қирабаев С. Менің Ақселеуім // Егемен Қазақстан. — 2009. — 12 желт. — 5-б.
- 5 Сейдімбек А. Шығармалары: Алты томдық. — 3-т. Қазақтың күй өнері. — Астана: Фолиант, 2010. — 832 б.
- 6 Ысмағұлов Ж. Текті мұраның тегі // Қазақ әдебиеті. — 1999. — 18 маус. — 8-б.

Ж.К.Смағұлов, А.Ж.Абдикадилова

#### **Жанровые особенности легенд о кюях в исследованиях А.Сейдимбека**

В статье рассмотрены исследовательские труды А.Сейдимбека, посвященные легендам о кюях. Он придавал особое значение данному направлению в литературном творчестве казахского народа. Роль музыки в казахском фольклоре особо подчеркивается именно легендами о кюях, поэтому большую часть своих работ он посвятил этой тематике. Исследованы исторические этапы и темы легенд о кюях, приведена классификация групп жанровых особенностей с научной точки зрения ученого. Отражены биография и творчество исполнителей кюев.

Zh.K.Smagulov, A.Zh.Abdikadirova

#### **A.Seydimbek and genre features of the legends about kyui**

This article deals with A.Seydimbek's research work, which is dedicated to the legends of kyui. He paid more attention to this direction in the literary creative work of the Kazakh people. The role of music in the Kazakh folklore is emphasized exactly by the legends about kyui, that is why most of his works are devoted to this problem. The article is about the historical periods, the themes of legends of kyui and the division of legends of kyui into groups according to genre peculiarities from a scholarly point of view of the scholar. Also research about the life and creative work of kyui performers is mentioned.